

Халықтың күші Кеңесте



(Соңы. Басы 1-бетте).

Халық Кеңесінің қоғамдық салмағы да түптеп келгенде ел ішінен көтерілген пікірдің каншалықты естіліп, нақты бастамаға ұласуымен өлшенбек.

Президент консультативтік

мекемеге кәсіби білігі жоғары мамандар, абырой-беделі зор, нағыз отаншыл азаматтар мүше болғанын айтты.

— Олардың қатарында жұртшылыққа белгілі, тәжірибелі тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер мен

көптеген белсенді азаматтар бар. Құрылтайдың алғашқы отырысында айтып өткенімдей, ауқымды реформалардың арқасында мемлекеттік басқару ісіне жаңа, жасампаз, озық ойлы азаматтардың келуіне жол ашылды. Ел мүддесі үшін адал қызмет ету — зор мәрте-

бе әрі қастерлі парыз. Осы орайда, Сіздерге — Халық Кеңесінің әрбір мүшесіне ерекше жауапкершілік жүктеліп отыр. Сіздер ел игілігі үшін табанды еңбек етіп, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосасыздар деп сенемін. Ырысты ынтымағымызды, қоғамдық келісімді күшейту үшін белсенді түрде еңбек етесіздер деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Жалпы, Қазақстан Халық Кеңесін құру бастамасы Қызылордада өткен V Ұлттық Құрылтайда жарияланған болатын. Жиында Мемлекет басшысы жаңа консультативтік органның құрылуы мен оның құқықтық мәртебесіне қатысты негізгі ұстанымдарды ортаға салған болатын.

Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы — биыл жүзеге асқан саяси жаңғырулардың бірі. Жаңа Конституцияда оған жеке бөлім арналған. Конституцияның 70-бабында Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган ретінде белгіленгенін айту керек. Бұл мәртебе Кеңестің мін-

детін әдеттегі қоғамдық пікір алмасу алаңының аясынан кеңейтеді.

Кеңес Құрылтайға заң жобаларын енгізуге және жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеруге құқылы.

Яғни, жаңа институттың қызметі қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылаумен ғана шектелмейді. Қоғамдық ортада пісіп-жетілген ұсынысты нақты заңнамалық бастамаға ұластыруға мүмкіндік беретін тетік те қарастырылған.

Өңірлерден келген өкілдер жергілікті жердегі мәселелерді республикалық деңгейге жеткізсе, орталықта талқыланды бастамалардың мәнін аймақтарға түсіндіру де қоғамдық диалогтың екінші бағытына айналады.

Қазақстан Халық Кеңесінің институционалдық негізі бұған дейін қалыптастырыла бастаған. Президенттің 2026 жылғы 2 шілдедегі Жарлығымен Қазақстан Халық Кеңесінің Хатшылығы құрылып, оның қызметін ұйымдастыруға қажетті құрылым бекітілген.

Енді құрам жасакталып, Төраға сайланғаннан кейін жаңа орган

нақты жұмысына кірісіп отыр.

Бүгінгі жиында оның ұйымдық құрылымына қатысты алғашқы маңызды шешім қабылдана, негізгі мазмұндық бағыттар алда айқындалмақ. Президент Қазақстан Халық Кеңесінің алдында тұрған міндеттерге 24 қыркүйекте өтетін бірінші сессияның негізгі отырысында кеңірек тоқталатынын мәлімдеді.

Жаңа институттың шынайы салмағы да уақыт өте нақты жұмысымен өлшенеді. Конституциялық мәртебе мен заңнамалық бастама көтеру құқығы Кеңеске елеулі мүмкіндік береді. Ал, сол мүмкіндіктің қоғам сұранысымен каншалықты ұштасатыны — Кеңес мүшелерінің өңірлермен байланысына, көтерілген мәселелердің мазмұнына және ұсыныстардың нақты бастамаға айналуына байланысты. Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясы осы жолдағы алғашқы қадамды жасады.

Суреттер akorda.kz сайтынан

• ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Өңірден шыққан өкілдер

Қазақстан Халық Кеңесінің құрамы бекітілді. Елдің қоғамдық өмірінің түрлі салаларында еңбек етіп жүрген 126 азамат енген жаңа құрамда Қарағанды облысының да өкілдері бар. Аймақтан Кеңес мүшелігіне қоғамдық келісім, білім, әлеуметтік қорғау, жергілікті басқару, кәсіпкерлік және азаматтық қоғам салаларында тәжірибе жинаған жеті азамат енді. Осылайша, елдік мәселелер талқыланатын жаңа алаңда өңірдің де өкілдігі қалыптасты. Ендігі жерде Қарағандыдан барған Кеңес мүшелеріне аймақтағы қоғамдық ахуалды, жұрттың талап-тілегін, қордаланған мәселелер мен жергілікті бастамаларды ортақ күн тәртібіне шығару міндеті жүктеледі.

Салтанат ІЛІНШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өңір тынысын білетін тұлға

Қазақстан Халық Кеңесінің құрамына кірген Бекзат Алтынбеков — қоғамдық-саяси және өкілді органдар жұмысында тәжірибе жинаған азамат.

2026 жылдан «Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы қызметін атқарады. Оның еңбек жолында журналистика, білім беру, мәслихат және қоғамдық-саяси қызмет тоғысады. Мұндай тәжірибе тұрғындар көтеретін мәселені тек қоғамдық сұраныс ретінде емес, оны шешудің жергілікті тетіктерімен бірге қарастыруға мүмкіндік береді. Өйткені жол, тұрғын үй, инфрақұрылым, әлеуметтік нысандар, білім мен жұмыспен қамту секілді күнделікті мәселелердің дені жергілікті басқару жүйесімен тікелей байланысты.

Ал, Ақсақалдар кеңесіндегі қызметінде отбасы құндылығы, жастар тәрбиесі, құқықтық мәдениет, ұрпақтар сабақтастығы мен қоғамдық жауапкершілік мәселелеріне басымдық беріліп келеді.

Журналистикадан білім беру саласына, оян мәслихат пен қоғамдық-саяси қызметке дейінгі тәжірибе Бекзат Алтынбековке өңір тынысын әр қырынан тануға мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе енді жергілікті жердегі мәселелерді Халық Кеңесінің республикалық деңгейдегі талқылауларымен сабақтастыруға қызмет етпек.

Қоғамдық келісім жолындағы тәжірибе

Қазақстан Халық Кеңесінің құрамына енген Виталий Тварюнас — қоғамдық келісім саласында ұзақ жылдан бері еңбек етіп келеді.

Ол «Lituanica» этномәдени бірлестігін басқарумен қатар, Қазақстан Республикасындағы Литва

Республикасының Құрметті консулы.

Бірлестік литва халқының тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен тарихи жадын сақтаумен қатар, қазақ тілін дәріптеу, түрлі этнос өкілдерін ортақ мәдени кеңістікке ұйыстыру бағытында жұмыс істейді.

Виталий Тварюнастың қоғамдық келісім саласындағы тәжірибесі Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысымен де тығыз байланысты. Ол ҚХА Кеңесінің мүшесі болды, 2018-2019 жылдары Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Қоғамдық еңбегі II дәрежелі «Достық» орденімен және басқа да мемлекеттік, халықаралық марапаттармен атап өтілген.

Оның Халық Кеңесіне алып келетін басты тәжірибесі де осы — қоғамдық келісім мәселесін этномәдени бірлестіктің күнделікті жұмысынан бастап республикалық деңгейдегі қоғамдық институттарға дейін білуі. Ал, бүгінгі қоғамдық келісім тек этносаралық татулықпен шектелмейді. Мемлекеттік тіл, ортақ азаматтық құндылықтар, тарихи жады мен мәдениет те оның маңызды тіректеріне айналып отыр.

Тарихи жад пен мәдени байланыс

Қазақстан Халық Кеңесінің құрамына кірген Виталий Хмелевский де қоғамдық келісім мен этномәдени байланыс саласының өкілі.

Ол «Қазақстан поляктарының одағы» этномәдени бірлестігі мен Қарағанды облыстық «Polonia» поляк қоғамын басқарады. Ұйым қызметінің негізгі бағыттары — поляк тілі мен мәдениетін сақтау, тарихи мұраны зерттеу, білім беру және ха-

лыкаралық байланыстарды дамыту.

Виталий Хмелевскийдің өзі де тарихи тақырыпты ғылыми тұрғыдан зерттеген. Оның Қазақстандағы поляк халқының тарихына арналған магистрлік диссертация қорғауы қоғамдық қызмет пен ғылыми ізденістің өзара сабақтасқанын көрсетеді.

Оның Халық Кеңесіндегі тәжірибесінің бір қыры да осында. Көпэтносты қоғамдағы бірлік әркімнің өз ерекшелігінен бас тартуынан емес, мәдениетін сақтай отырып, ортақ азаматтық құндылықтар төңірегінде ұйысуынан қалыптасады.

Татулық пен тәрбие сабақтастығы

Увайс Джанаев — Қазақстан Халық Кеңесіне Қарағанды облысынан енген этномәдени бірлестік өкілдерінің тағы бірі. Ол «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігін басқарады.

Бірлестік этносаралық келісімді нығайту, ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтау, қазақ тілін насихаттау және осы құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізу бағытында жұмыс істейді. «Вайнах» жанындағы Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің қызметінде де тәрбие мәселесіне ерекше мән беріледі. Отбасы құндылығы, үлкенге құрмет, жастардың жауапкершілігі, рухани сабақтастық — аталған құрылымдар жұмысының негізгі арқауы.

Увайс Джанаев қайырымдылық бастамаларына да тұрақты атсалысып келеді. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірдегі жұмысына араласып, облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Қоғамдық келісімді

нығайтудағы еңбегі ҚХА-ның «Бірлік» Алтын медалімен бағаланған.

Оның Халық Кеңесіндегі тәжірибесінің өзегі — татулық пен тәрбие сабақтастығы. Өйткені қоғамдық келісімнің беріктігі бүгінгі ахуалмен ғана емес, келесі ұрпақтың қандай құндылықтармен өсетінімен де өлшенеді.

Экономика мен жергілікті мүдде

Александр Куприченко — Қазақстан Халық Кеңесінің құрамына енген Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты әрі кәсіпкер. Оның қоғамдық қызметінде экономика, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері негізгі орын алады. Қарағанды қаласының Қоғамдық кеңесінде жұмыс істеген кезінде бюджет, экономика, қаржы және бизнес мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жетекшілік еткен. Қазір облыстық мәслихат депутаты ретінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне араласып жүр.

Бұл — Қарағанды секілді ірі өнеркәсіптік өңір үшін ауқымды күн тәртібі. Шағын және орта бизнестің жағдайы, жұмыс орындары, инженерлік инфрақұрылым, моноқалалардың дамуы, коммуналдық желілер мен жол мәселесі өңір экономикасымен ғана емес, тұрғындардың тұрмыс сапасымен де тікелей байланысты.

Кәсіпкерлік пен мәслихаттағы тәжірибенің тоғысуы экономикалық мәселелерді бизнес мүлдемсімен ғана емес, жергілікті бюджет пен тұрғындардың сұраныс тұрғысынан да қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан, Халық Кеңесіндегі мұндай өкілдік өңірлік экономиканың мәселелерін құрғақ ста-

тистикамен шектемей, жергілікті жағдаймен сабақтастыра талқылауға жол ашады.

Білім мен тәрбие — болашақтың өзегі

Қазақстан Халық Кеңесінің құрамына кірген Әйгерім Әуезқызы Исебекова — білім беру саласының өкілі. Ол Қарағанды қаласындағы «Кәусар» оқушылар сарайын басқарады. Мұнда балаларға қосымша білім беру, шығармашылық қабілетін дамыту, техникалық бағыттарға баулу және кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіледі.

Әйгерім Исебекованың жетекшілігімен «Кәусар» жоғары оқу орындарымен байланысты нығайтып, оқушыларды ерте жастан мамандыққа бағдарлау жобаларын жүзеге асыруда. Бұл жұмыстар бүгінгі білім жүйесіндегі маңызды бағытты аңғартады. Баланың қабілетін ерте анықтап, ғылым мен технологияға қызықтыру, шығармашылығын дамыту және болашақ мамандығын саналы таңдауына жағдай жасау білім беру ісінің маңызды бөлігіне айналды.

Әйгерім Исебекованың еңбек жолында біліммен қатар жастар саясаты мен қоғамдық келісім саласындағы тәжірибе де бар. Еңбегі «Ерен еңбегі үшін» медалімен атап өтілген.

Оның Халық Кеңесіне енуі балалар мен ата-аналардың сұранысы, қосымша білім, тәрбие және кәсіби бағдар секілді мәселелерді республикалық қоғамдық алаңда көтерілуіне мүмкіндік береді. Өйткені қоғамның ертеңгі келбеті бүгінгі баланың қандай білім мен тәрбие алып жатқанына тікелей байланысты.

Әлеуметтік мүдденің жанашыры

Кеңес құрамына енген Гауһар Берікқызы Акижанова — әлеуметтік қорғау мен инклюзия бағытында белсенді жұмыс істеп жүрген азаматтық қоғам өкілі. Ол Қарағанды облысының Қоғамдық кеңесінің мүшесі әрі халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл. Оның қоғамдық қызметінің негізгі бағыты ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларын қолдаумен байланысты.

2018 жылдан волонтерлік қызметпен айналысып келе жатқан Гауһар Акижанова 2020 жылдан «Baty1 Jugeq» қайырымдылық қорының тең құрылтайшысы. Қор аясында аутизм спектрінің бұзылыстары, Даун синдромы және басқа да даму ерекшеліктері бар балаларға арналған спорттық-сауықтыру жобалары жүзеге асырылып келеді.

Сонымен қатар, ол «Батыл Жүрек» инклюзивті би ұжымын басқарады, Қазақстандық бочча федерациясының Қарағанды облысы бойынша басшысының орынбасары және паралимпиадалық боччадан I санатты төреші. 2026 жылдан «Жас Жауынгер» дене шынықтыру-сауықтыру кешеніндегі даму ерекшеліктері бар балаларға арналған «Тұсау кесер» секциясында жаттықтырушы болып еңбек етеді.

Бұл жұмыстың маңызы спорттық нәтижемен ғана өлшенбейді. Ерекше қажеттілігі бар баланың қоғамға араласуы, өз мүмкіндігін сезінуі, қатарластарымен бірге білім алып, спортпен және шығармашылықпен айналысуы — инклюзивті ортаның нақты көрінісі.

2025 жылдан Гауһар Акижанова Қарағанды облысы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтары жөніндегі уәкіл ретінде де осы мәселелермен жүйелі айналысып келеді. Әлеуметтік саладағы және бейімделген спортты дамытудағы еңбегі Қарағанды облысы әкімі мен облыстық мәслихат төрағасының Құрмет грамотасымен және басқа да марапаттармен атап өтілген.

Инклюзия бүгінде әлеуметтік қорғаудың жеке бір бағыты ғана емес. Ол білімге, медицинаға, қоғамдық көлікке, еңбекке, спорт пен мәдениетке қолжетімділікті қамтитын ауқымды мәселе. Сондықтан бұл саладағы күнделікті тәжірибе Халық Кеңесінде әлеуметтік саясатты нақты өмірдегі қажеттіліктермен байланыстыра талқылауға мүмкіндік береді.

Гауһар Акижанованың Кеңес құрамына енуі де осы тұрғыдан маңызды. Ерекше қажеттілігі бар балалар мен әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтардың мәселесін жергілікті жерден білетін маман енді сол тәжірибені республикалық қоғамдық алаңдағы талқылауларға алып шығады.

Суретті түсірген Сәйлау МАЙЛЫБАЕВ

Еңбегімен еленгендер



(Соңы. Басы 1-бетте)

Еңбек ешқан жерде қалмайды. Мен үшін «Еңбек жолы» байқауы – жай ғана сайыс емес, адамның кәсібилігі, жауапкершілігі мен көпжылдық тәжірибесіне берілген баға. Қарапайым жұмысшы еңбегінің осылай жоғары бағаланғанына қуаныштымын, – деді жеңімпаз Жарасқан Әбдрешов.

«Өндірістің үздік жас маманы» аталымында Ақтоғай аудандық ауруханасының жалпы тәжірибелік дәрігері, бөлім меңгерушісі Әлихан Махамбет бірінші орынға лайық деп танылды. Екінші орынды Балқаш мыс балкыту зауытының конвертершісі Болат Мұхамедяр иеленді. Үшінші орын Приозерск қаласының №2 орта мектебінің математика пәні мұғалімі Ақниет Атагасва мен Қарағанды қаласындағы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының Қарағанды пайдалану бөлімшесіне қарасты электровоз машинисі Айдын Жақсылыққа берілді.

Әсіресе, жас мамандардың қатарында медицина, өндіріс, білім және теміржол саласының өкілдерінің топ жаруы еңбек нарығындағы түрлі кәсіптің маңызын аңғартады. Олардың кәсіби

жолы туған өңірде еңбек етуге ниетті жастарға да бағыт-бағдар бола алады.

Еңбек күніне арналған салтанатты шарада облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов маңдай терімен жетістікке жеткен азаматтарды құттықтап, олардың еңбегі өңірдің өркендеуіне тікелей үлес қосып отырғанын атап өтті.

– Сіздердің адал еңбектеріңіздің арқасында өңіріміз дамып, ел игілігі артып келеді. Әкеден балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан еңбекқорлық пен ізгі дәстүр әр шаңырақта, біздің облысымызда дами берсін. Сіздердің еңбектеріңіз – Қазақстанның, соның ішінде, туған өңіріміздің өркендеуіне қосылған үлкен үлес. Бүгінгі марапат баршаңызға құтты болсын! Үлкендерімізге зор денсаулық, әр отбасыға амандық пен береке тілеймін, – деді Нұркен Кобжанов.

Облыстық кәсіподақтар орталығының аумақтық бірлестігінің төрағасы Болат Жұмабеков «Еңбек жолы» байқауының он жыл ішінде еңбек адамының мәртебесін арттырып, еңбек дәстүрін дәріптеудегі маңызына тоқталды. Байқаудың жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, тәлімгерлік пен ең-

«Еңбек жолы» байқауы 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Биыл байқаудың он жылдығы аталып отыр. Осы уақыт ішінде бұл жоба еңбек адамын дәріптеп қана қоймай, жастар арасында еңбек дәстүрін, тәлімгерлікті, еңбек әулеттері мен ұжымдық бірлікті насихаттайтын маңызды бастамаға айналды. Байқаудың Еңбек күніне орай ұйымдастырылуы да осы мақсатпен үндеседі.

бек әулеттерінің сабақтастығын нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

– «Еңбек жолы» байқауы 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Биыл байқаудың он жылдығы аталып отыр. Осы уақыт ішінде бұл жоба еңбек адамын дәріптеп қана қоймай, жастар арасында еңбек дәстүрін, тәлімгерлікті, еңбек әулеттері мен ұжымдық бірлікті насихаттайтын маңызды бастамаға айналды. Байқаудың Еңбек күніне орай ұйымдастырылуы да осы мақсатпен үндеседі. Облыстық мәслихаттағы «Еңбек» депутаттық тобы да еңбек адамдарының мәселелеріне ерекше назар аударады. Сіздердің ұсыныс-пікірлеріңіз бен мәселелеріңізді көтеріп, олардың шешілуіне ықпал етуге әрдайым дайынбыз. Облыс әкімі басқаратын облыстық үш-жақты комиссия аясында да еңбек ұжымдарында туындайтын

мәселелер назардан тыс қалмай, тиісті деңгейде қаралады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей «Болашағымыз білімді, белсенді, озық ойлы, мақсатшыл азаматтардың қолында». Бүгінгі марапат иелері – осы сөздің жарқын үлгісі. Еңбек адамын құрметтеу, оның кәсібилігі мен табанды еңбегін бағалау дәстүрі жалғаса берсін, – деді Болат Жұмабеков.

Еңбек жолында жылдар бойғы тәжірибе, кәсіби ізденіс, табандылық пен өз ісіне деген жауапкершілік тұр. «Еңбек жолы» байқауы осындай еңбек торыларының кәсіби тарихын көпшілікке танытып қана қоймай, еңбекті қадірлеудің, мамандықты құрметтеудің және тәжірибені кейінгі буынға аманат етудің маңызын көрсетеді.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

Татулық тірегі – келісім



Қарағандыға Астана және Қазақстан митрополиті Александр, сондай-ақ, Грекияның Керкира митрополиясының делегациясы келді. Мәртебелі меймандардың Сарыарқа төріне сапары православие дінін ұстанушылар үшін маңызды оқиғамен сабақтасып отыр.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сапар аясында Астана және Қазақстан митрополиті Александр мен Керкира митрополиясының делегациясы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесті. Басқосуда өңірдегі конфессияаралық келісім, қоғамдық тұрақтылық пен өзара құрмет мәселелері сөз болды.

Облыс әкімі Қарағанды өңірінде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің ұзақ жылдар бойы татулықта өмір сүріп келе жатқанын атап өтті. Қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтау мемлекеттік органдардың ғана емес, діни бірлестіктер мен азаматтық қоғам институттарының да ортақ міндеті екеніне тоқталды.

– Біздің кездесулеріміз игі дәстүрге айналды. Бұл – ашық әрі мазмұнды жалғастырып, қалыптасқан өзара қарым-қатынасты нығайтуға және ортақ мүддеге қатысты мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Қарағанды облысы – әртүрлі этнос пен конфессия өкілдері ондаған жыл бойы бейбітшілік пен өзара құрмет жағдайында өмір сүріп келе жатқан өңір. Этносаралық және конфессияаралық келісімді

сақтау – мемлекеттің, діни бірлестіктер мен азаматтық қоғам институттарының ортақ міндеті, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде митрополит Александр ашық диалог үшін алғыс білдіріп, Қазақстанға әкелінген қасиетті жәдігердің православие дінін ұстанушылар үшін маңызына тоқталды.

Тримифунттық әулие Спиридон православие дәстүрінде айрықша құрметтелетін әулиелердің бірі саналады. Оның қасиетті жәдігерінің бір бөлігі Грекияның Керкира аралында сақтаулы. Осы жолы Қазақстанға әкелінген әулиенің оң қолы еліміздің он қаласына жеткізіліп, сенушілердің тағзым етуіне мүмкіндік жасалады.

Бұл сапардың Қарағандыдан басталуының да өзіндік мәні бар. Өңірде түрлі конфессия өкілдері қатар өмір сүріп, діни бірлестіктер қоғамдық келісім мен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған жұмыстарға атсалысып келеді. Сондықтан, мәртебелі меймандармен кездесуде де қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, дінаралық диалог пен өзара құрмет мәселелеріне басымдық берілді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ЖӘРМӨҢКЕ – 2026

Дархан дала дастарқаны

Қарағанды облысында күзгі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусымы басталады. «Дала дәмі» атауымен өтетін жәрмеңкелерде өңір шаруалары өз өнімдерін қала тұрғындарына орташа нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағамен ұсынады. Алғашқы сауда 26 қыркүйекте Б.Әшімов көшесінде орналасқан Жаңа алаңда өтеді.



Аида РАХЫМҚҰЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Күз келіп, ауыл шаруашылығы өнімдері жиналған шақта өңір шаруаларының еңбегі жәрмеңке сарыларының көріне бастайды. Биыл ауа райының күрделі болғанына және қуаңшылыққа қарамастан, облыс дикандары 556 мың тоннадан астам астық, 263 мың тоннадан астам картоп және 66 мың тонна көкөніс жинады.

Жыл басынан бері өңірде 128,6 млрд теңгенің азықтүлік өнімі өндірілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,6 пайызға көп. Мал шаруашылығында да өсім бар. Атап айтқанда, ірі қара малдың саны 18,8 пайызға, жылқы 15,7 пайызға, қой мен ешкі 15,2 пайызға артқан.

Жәрмеңкелерге облыстың жеті ауданынан тоқсаннан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен өңдеу кәсіпорны қатысады. Алғашқы жәрмеңкеге 450 тоннадан астам өнім жеткізіледі. Оның ішінде 52 тонна ет, 240 тонна кар-

топ, 110 тонна көкөніс, 16 тонна сүт өнімі, 9 тонна балық, 170 мың дана жұмыртқа және басқа да азықтүлік өнімдері бар.

Қарағандыдағы жәрмеңкелер 26 қыркүйектен кейін 3, 10, 17 және 31 қазан күндері де Б.Әшімов көшесіндегі Жаңа алаңда жалғасады. Ал, 7 қарашада ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкелері Теміртау, Шахтинск, Саран, Балқаш және Приозерск қалаларында өтеді.

Осылайша, «Дала дәмі» жәрмеңкесі қала тұрғындарына ауыл шаруашылығы өнімдерін қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді. Дикандар үшін бұл – өнімді өткізуге мүмкіндік болса, тұрғындар үшін – қысқа қамданудың қолайлы сәті. Жәрмеңке облыста жыл сайын еңбекті елге көрсетіп қана қоймай, ауыл мен қаланың арасындағы байланысты нығайтудың тигізіп келеді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жылу жүйесі жаңарды

Балқаштағы жылу электр орталығы – облыстағы ең ескі электр орталығының бірі. Бүгінде осы орталыққа өндірістік қуатын арттыруға бағытталған ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, стратегиялық маңызы бар инвестициялық жоба аясында станцияда жаңа бесінші қазандық агрегаты салынып, алдағы уақытта қосымша бір турбинаны орнату жоспарланып отыр. Яғни, қаланы толық жылумен қамтып, жаңа әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді орталық жылу жүйесіне қосарта қосуға мол мүмкіндік береді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласына жасаған жұмыс сапары барысында аталған ЖЭО-ға арнайы барып, станцияның алдағы жылу беру маусымына дайындық барысын жіті тексерді. Сонымен қатар, өңір үшін маңызы зор инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысын назарда ұстап, тиісті міндеттер жүктеді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде агрегатты монтаждау жұмыстары толығымен аяқталған. Енді станция-



да газ тазарту жабдықтарын орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Айта кетейік, заманауи жабдықтарды уақытылы әрі сапалы жеткізу мақсатында Оңтүстік Кореяның әлемге танымал «IL KWANG» компаниясымен ресми келісімшарт жасалған.

– Жоба жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына толық сәйкес жүзеге асырылады. Оның аясында енгізілетін заманауи газ тазарту жүйесі атмосфераға тарайтын зиянды шығарындылар көлемін

едеуір төмендетуге мүмкіндік береді. Сондықтан, бұл – Балқаш үшін маңызы зор жоба. Жаңа қуаттар тұтынушыларға қосымша жылу өндіруге жол ашады. Қала жылдан-жылға өсіп, жаңа нысандар бой көтеріп келеді. Осыған байланысты жылу өндіру қуатын арттыру – уақыт талабы, – деді Балқаш ЖЭО-ның стратегиялық жобалар тобының жетекшісі Максим Спрыгайлов.

Қазіргі уақытта жаңа қазандық цехының ғимаратын монтаждау жұмыстары да қатар жүргізілуде. Ауқымды инвестициялық жобаны толықтай 2028 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Кәсіпорынның өндіріс жөніндегі бас инженердің орынбасары Антон Тришин алдағы жылу беру маусымына дайындық аясында станцияның негізгі және қосалқы жабдықтары да жөнделетінін атады.

Барлық жүргізіліп жатқан жұмыстар бекітілген мерзім мен кестеге сәйкес. Бүгінгі таңда станцияда үш қазандық толықтай іске қосылды, жұмысқа сақадай сай. Сонымен қатар, алдағы жылу маусымының қауіпсіз әрі штаттық режимде өтуін қамтамасыз ету үшін тағы бір қазандық пен турбина күрделі жөндеуден өтуде.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Өңірді өзгеріс өркендетеді

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен Қарағанды облыстық мәслихатының XXXVII сессиясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселе сараланды. Келелі жиынның күн тәртібіне он төрт мәселе енді. Мұның сап басында облыс әкімінің атқарылған жұмыстар жөніндегі есебі, елдімекендер жайы, аумақтық мәселелер және өңір тіршілігіне қатысты өзге де тақырыптар легі қамтылды. Депутаттар күн тәртібіндегі әр түйткілді талқылап, өңірдің бүгінгі ахуалы мен алдағы міндеттерін қоса қарастырды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шешім таразысында

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі XXXVII сессияның алғашқы мәселесі қатарынан орын алған. Өңірдің әл-ауқаты мен атқарылған жұмыстар жайынан ақпар берген баяндама күн тәртібіндегі өзге мәселелердің мазмұнын да аша түсті. Депутаттар коммуналдық шаруашылық пен әлеуметтік саладан бастап, өңір тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін бағыттар бойынша атқарылған істі талдап, алдағы міндеттерді де нақтылады.

Мәселен, аймақтағы тұрмыстық қалдықтар түйіні әлі тарқатылып келеді. Мәслихаттың XVIII сессиясы, яғни, 2024 жылдың қыркүйегінде қабылданған сындарлы шешім тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау әрі кәдеге жарату ісін бір жүйеге

тариялық-эпидемиологиялық қорытынды алып, нысанды таразы жабдығымен, электр және сумен қамтуы керек. Балқашта әуежай маңындағы ескі полигон жойылып, оның орнына таразысы мен сұрыптау желісі бар жаңа нысан іске қосылмақ. Қоқыс мәселесі мұнымен шектелмесі анық. Туризмді дамыту жөніндегі жол картасына сәйкес, Балқаш пен Приозерск әкімдіктері көл жағалауының тазалығы мен абаттандырылуына жауапты тұлғаны да айқындамақ.

Тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру бағытында депутаттар бірқатар ұсыныс айтты. Атап айтқанда, заңсыз қоқыс орындары жиі пайда болатын аумақтарды анықтап, бейнебақылау орнату және рейдтік іс-шараларды күшейту қажет. Контейнер алаңдарын паспорттау аяқталып, олардың қарамағына жауаптылар анықталмақ. Сонымен қатар, контейнерлік паркке ревизия жүргізіледі. Жеке сектор тұрғындарын контейнерлермен



тарату мәселесін де мұқият зерделеді. Мәселен, Қасенбайда соңғы он бес жылда бюджет есебінен елдімекенді күтіп ұстауға қаражат бөлінбеген. Мұнда жол, электр, су, жылу және кәріз жүйесі жоқ. Мектеп, медицина, мәдениет және спорт нысандары да жұмыс істемейді. Аудан орталығына дейін – 80 шақырым. Бірнеше жылдан бері ауылда тұрғын жоқ. Шешім 2030 жылға дейінгі өңірлік даму тұжырымдамасына сәйкес қабылданбақ. Қасенбайдың аумағы Құндызды ауылдық округіне қосылса, ауыл шаруашылығы алқаптарын кеңейтуге мүмкіндік тұмақ. Мұнда 177 басқа дейін ірі қара, 640 басқа дейін ұсақ мал немесе 148 жылқы басын жаюға болады. Жердің базалық салық мөлшерлемесі гектарына жылына 21,7 теңге болып белгіленген. Шындығында тұрғынсыз қалған елдімекеннің мәртебесін нақты жағдайға сәйкестендіру өміршен мәнге ие.

– Қасенбайдың аумағы Құндызды ауылдық округінің құрамына өткен соң, жерді ауыл шаруашылығы мақсатында тиімді пайдалануға мүмкіндік кеңейеді. Елдімекен мәртебесінің өзгеруі аумақ келбетін шындыққа жанастыра керек. Керісінше, оны нақты шаруашылық қажеттілікке қарай пайдаланудың оң ықпалын көріп тұрмыз, – деді облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов.

Ортақ өлшем

Сессияның келесі мәселесі үй жануарларын ұстау және серуендетуге қатысты облыстық қағидаларға өзгерістер енгізуге арналды. Бұл – Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тамызы айында республикалық үлгілік қағидаларға енгізген түзетулердің өңірлік деңгейдегі жалғасы. Жаңа редакцияда иесі бұдан былай асырай алмайтын жануарлардың жай-күйі нақтыланған. Мұндай жануарды арнайы панажайға, уақытша ұстау орнына немесе оған қажетті күтімді қамтамасыз ете алатын жеке тұлғаға, не ұйымға беруге болады. Осы ретте жануар иесінің жауапкершілігі оны басқа қолға берген сәтте бірден тоқтамайды. Үй жануарының бұдан арғы күйі де түпкілікті айқындалғанға дейін оған қатысты иесінің міндеттері



сақталады.

Денсаулық сақтау мәселесі де назардан тыс қалмады. Адам денсаулығы – инфрақұрылымнан басталып, нақты медициналық көмекке дейін жалғасатын тұтас жүйе. Осы бағытта сессияда жаңа облыстық жедел медициналық жәрдем станциясын салу мәселесі де қаралды. Жобаның жалпы аумағы – 8,6 мың шаршы метр. Мұнда «103» диспетчерлік орталығы мен медициналық авиация

ды облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекітті. Құжат республикалық деңгейде маусым айында қабылданған үлгілік талаптарға сәйкестендірілген. Жаңа қағидаға сәйкес, өңірде кемінде он жыл еңбек еткен Қазақстан азаматтары мен шетел азаматтары атаққа үміткер бола алады. Олар заңдылықты нығайтуға, мәдениет пен ғылымға, кәсіпкерлікті дамытуға немесе этносаралық келісімді

гізілді. Бір қарағанда, техникалық сипаттағы бұл шешімдер өңірдегі басқару тетіктерінің күнделікті жұмысын қамтамасыз ететін маңызды буындарды қамтиды.

Талап пен талғам

Облыстық мәслихат сессиясында осы жолы маңызы зор дүниелер безбенделді десек, қателеспейміз. Бірінде адамы қалмаған ауылдың ахуалы шешілсе, екіншісінде мыңдаған адамның денсаулығына қатысты өзара іс-қимыл тетігі нақтыланды. Бір мәселе коқыс полигондарына тірелсе, енді бірі өңірге еңбегі сіңген азаматтарды ұлықтау тәртібіне қатысты болды. Алайда, осы сан алуан мәселенің ту сыртында бірегей ұстынды ұстаным қылаңытты. Өмір ағысы өзгерсе, оған қатысты ереже де, тәртіп пен талап та өзгеруі керек. Адамы көшкен елдімекенді картада бұрынғы қалпында қаңтарып тұрудың мәні жоқ. Тұрмыстық қалдықтарды үйлестіру жүйесі жанарса, оған жауапты тетік те айқындалуы ләзім. Ал, денсаулық, қауіпсіздік, абаттандыру секілді ортақ мәселелер бір мекеменің аясына сыймаса, олардың шешімін де ортақ алаңнан іздеген жөн. Сөйтіп, он төрт мәселе – өңірдің бүгінгі қалпын ертеңгі талаппен үйлестіруге жасалған кезекті қадам.

– Бәріміздің қарсы алдымызда ортақ міндет тұр. Ол – қабылданатын шешімдерді облыстың нақты тыныс-тіршілігіне сәйкестендіру. Ауылды тарату – жоғалтуды білдірмейді. Керісінше, онда адам қалмаған елдімекенді жылдар бойы бар секілді көрсетіп отырудан гөрі, нақты жағдайды мойындағанымыз жөн. Ал, денсаулық сақтау жөніндегі үйлестіру кеңесін құру – бұрын әр мекеме жеке атқарып келген жұмысты ортақ арнаға тоғыстыруға мүмкіндік береді. Мұнда жаңа құрылым да, артық шығын да көзделмеген. Ең бастысы – әр шешімнің саны емес, оның негізділігі мен нақты нәтижесі. Қабылданған шешім қағаз жүзінде қалып қоймай, өңірдің дамуына қызмет еткені абзал, – деп түйіндеді сөзін Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



түсіруді көздеген еді. Екі жылға жуық уақыт өткенмен, осы жұмыстың нүктесі әлі қойылған жоқ. Мәнді міндет – коммуналдық қалдықтарды басқаруды облыс көлемінде бір ізге түсіру. Осы мақсатта облыс әкімдігіне 2027 жылдың 1 наурызына дейін қалдықтарды басқаруға жауапты бірыңғай органды айқындау ұсынылды. Атаулы орган коқыс шығаруды үйлестіріп қана қоймай, заңсыз коқыс орындарын жою жұмысын да жүйелеуі қажет. Ал, биылғы жыл соңына дейін қалдықтарды орналастыру нысандарының бірыңғай тізілімі жасалады. Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті мен санитариялық-эпидемиологиялық қызмет қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, әр полигонның құқықтық мәртебесін, рұқсат құжаттарын егжей-тегжейлі тексереді. Әл-әзірге мұндай тұрғыда Осакаров және Шет аудандарындағы нысандарға ерекше назар аударылмақ.

Жергілікті деңгейдегі міндеттер де нақтыланды. Приозерск шаһары полигонға сани-

камағасыз ету, оның ішінде оларды бөліп төлеу арқылы са-тып алу мүмкіндігін қарастыру да ұсынылды. Шет, Ақтоғай, Осакаров және Бұқар жырау аудандарындағы ҚТҚ полигондарының жобаларын пысықтап, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстарын аяқтау көзделіп отыр. Сұрыптау және қайта өңдеу қуаты жоқ елдімекендерде қалдықтарды уақытша жинақтау пункттерін құру мәселесі «Жасыл даму» АҚ-мен бірлесіп қарастырылады. Сондай-ақ, депутаттар қауымы 3-10 мың адам аралығындағы ауылдық елдімекендерге арналған қуаты шағын ҚТҚ полигондарына қойылатын талаптарды республикалық деңгейде жеңілдетуді алға тартты. Ұсыныстардың барлығы қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыруға, контейнерлік инфрақұрылымды жанартуға, заңсыз коқыс үйінділерінің алдын алуға және сұрыптау мен қайта өңдеу көлемін арттыруға бағытталған.

Депутаттар қауымы Осакаров ауданы Құндызды ауылдық округіне қарасты Қасенбай ауылын



«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!»



Достық үйінде «Бірлік. Заң. Қоғам» жобасы аясында этносаралық қатынастар саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін жетілдіруге бағытталған оқыту семинары өтті. Аталған жоба Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша «Қазақстандық Даму Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі тарапынан жүзеге асырылып келеді. Ілкімді іс-шараны ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов ашып, семинардың маңыздылығына тоқталды.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда ақпараттық-түсіндіру амалдарына ден қойған әріптестеріміз халық пен мемлекет арасындағы ықпалды рольге ие. Қоғамда жалған ақпарат пен түрлі манипуляциялар шектен тыс көбейген уақытта, сіздердің сауатты, байсалды, заң аясында түсіндіру жұмыстарыңыздың маңызы өте зор. Мұндай мәнді семинарлар өңіріміздегі жалпыұлттық бірлікті, қоғамдық келісімді одан әрі нығайтуға бағытталған нақты қадам, – деп атап өтті.

Семинардың модераторы ретінде «Қазақстандық Даму Ассоциациясы» ЗТБ үйлестірушісі Шыңғысхан Қожахметов сөз сөйлеп, жобаның мақсат-міндеттерін таныстырды. Семинар барысында халықтың құқықтық және медиасуаттылығын арттыру, этносаралық қатынастар саласындағы тәуекелдердің алдын алу, жалған ақпаратты, манипуляциялар мен арандатушылық контентті анықтау, сондай-ақ, әлеуметтік

желілерде жауапкершілікпен әрекет ету мәселелері қарастырылды.

Шара аясында «Орталық Азия мұсылмандары ақсақалдар кеңесі» жобасының жетекшісі Әли Үкенов және Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» РММ Ақпараттық жұмыс және қоғаммен байланыс басқармасының жетекші сарапшысы Наргиз Шотпай баяндама жасады.

Тақырып аясы өте өзекті. Өйткені, еліміздің ақпараттық кеңістігін біріздендіру – қоғамдық тұрақтылықты сақтаудың маңызды шартының бірі. Қазір түрлі әлеуметтік желілерде ақпараттың таралу жылдамдығы артқан сайын оның анықтығы мен мазмұнына жауапкершілік қоса күшейіп отыр. Әсіресе, этносаралық қатынастарға қатысты мәселелерде кез келген үстірт пікір немесе тексерілмеген дерек қоғамның көңіл күйіне түрліше әсер етуі ықтимал. Сондықтан, ақпараттық-түсіндіру топтарының кәсіби деңгейін арттыру,

медиасуаттылықты қалыптастыру, жалған ақпарат пен арандатушылық сипаттағы контентті дер кезінде ажырата білу – міндет. Бүгінгі семинар осы мәселелерді тәжірибе жүзінде талқылауға септігін тигізді. Мұндай қажетті білім аймағымыздағы әр аудан мен елдімекенде халықпен етене жұмыс істейтін мамандар үшін қажет, – деп пікір үстеді Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Равиль Садыков.

Медиасуат – ақпаратты жазбай танудың, мәміле – пайым мен пікірді тоғыстырудың, ал, мінбер – жауапкершілікпен сөз алудың ұштағаны. Үшеуінің түйісер тұсы – қым-қуыт қоғамның тыныштығы мен елдің тұтастығы. Әр сөздің салмағын сезіну, әр деректің паркын бағамдау, әр пікірге құрметпен қарау – қоғамдық мәдениеттің алтын өлшемі. Осы зерлі мәдениет орныққан жерде мінәзі ақпағра орын тарылып, шынайы ақиқатқа жол кеңеймек. Демек, ақиқат орныққан ортаның бірлігі де бекем болмақ.

Суретті түсірген автор

Занды білген озады

Құқығын білмеген адам өз мүддесін қорғауда қашан да әлсіз. Ал, заңды білу – нақты талап етудің де, жауапкершілікті сезінудің де бастауы. Осы мәселені жастардың санасына сіңіру мақсатында Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде «Жастармен» жобасы аясында «Заңды біл – өз құқықтарыңды қорға!» тақырыбында құқықтық семинар өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ілкімді іс-шара ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында ұйымдастырылып, облыс прокуратурасы, әділет департаменті және полиция департаментінің қолдауына ие болды. Мұндай өзара әріптестік жастардың құқықтық сауатын арттырып, заң талаптарын терең түсінуіне бағытталған жұмыстың жүйелі сипат алғанын айғақтайды.

Семинардың өзегіне бүгінде қоғамға елеулі қауіп төндіріп отырған интернет-алаңдықтың алдын алу, жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздігін күшейту мәселесі арқау болған. Қатысушыларға алаяқтардың арбауына түсіретін кең таралған тәсілдер мен айла-шарғылар түсіндіріліп, жеке деректерді қорғаудың маңызы айтылды. Сондай-ақ, күмәнді сілтемелерге өтпеу, бейтаныс адамдарға банк картасы мен есепшоттарына қатысты мәліметтерді бермеу қажеттігі жөнінде нақты ескертулер жасалды.

Полиция өкілдері болса, теориялық түсіндірумен шектелмей, студенттерге интернет-алаңдықтың нақты мысалдарын ұсына білді. Мәселен, жалған банк қызметкерінің қоңырауынан бастап, әлеуметтік желідегі арбау, жалған интернет-дүкендер мен күмәнді инвестициялық ұсыныстарға дейін егжей-тегжейлі талқыланды. Мұнымен қатар, алаяқтардың қолына жеке деректер түскен жағдайда не істеу керектігі, қауіп төнген сәттегі алғашқы әрекеттердің тәртібі түсіндірілді.

Интернет кеңістігіндегі қауіпсіздікпен қатар, семинарда күнделікті өмірде қажет болатын құқықтық білімнің негіздері де кеңінен сөз болды. Қатысушылар азаматтардың құқықта-



ры мен міндеттері, заң алдындағы жауапкершілік және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде мағлұмат алды. Прокуратура өкілі заң талаптарын сақтау, өз құқығын білу және кез келген құқықтық мәселені заң аясында шешудің маңызын нақты мысалдар арқылы баяндады.

Заңға құрмет – тәртіптің алғышарты. Тәртіп үлкен істерден басталмайды. Ол отбасынан, мектептен, қоғамдық орында өзінің құқығын сыйлаудан өрістейді. Әрқайсымыз заңды құрметтеп, өз міндетімізге жауапкершілікпен қарасақ, әділетті және берекелі қоғамды өзіміз қалыптастырамыз. Біз әдетте заңды сақтауды тек құқық қорғау органдарының жұмысы деп ойлаймыз. Бұл – қате түсінік. Бүгінде елімізде құқықтық мәдениетті арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Себебі, заңды білетін, құрметтейтін және өз жауапкершілігін сезінетін азамат – мемлекеттің тұрақты дамуының негізі, – деді облыстық әділет департаментінің Қарағанды қаласы бойынша сот актілерін мәжбүрлеп орындау бөлімінің басшысы Гүлфайруз Саттыбаева.

Жүзге жуық студент қатысқан семинар ашық сұрақ-жауап фор-

матында жалғасып, жастар нақты жағдайларды талқылады. Басты міндет – заңды өмірлік жағдайда дұрыс қолдана білетін құқықтық мәдениет қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, басқосу жастардың құқықтық сауатын арттырып, интернеттегі қауіп-қатерге сергек қарауына және заң талаптарын сақтауға деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталды.

Заңның қуаты жазаммен қорқытумен шектелмесі белгілі болғанымен, оны бек білетін азаматтардың саналы ұстанымында екендігі тағы аян. Университет қабырғасындағы семинар заң ұғымын адамның күнделікті өмірімен жалғаған, құқықтық сауатты шынайы қорғаныс ұғымымен сабақтастырған елеулі де мәнді басқосу болды. Бүгінгі әр жас азамат құқығы жайлы естіп қана қоймай, оның мәнін тереңірек түсінгісі келеді. Дәл осы тұрғыдан алғанда, университет тарабы мен оның серіктестері бір семинар өткізумен шектелмей, көпшілік санасына құқықтық жауапкершіліктің дәнін септі. Оның жемісі ертеңгі қоғамның заңға деген құрметі мен азаматтық ұстанымынан көрінбек.

Суретті түсірген автор

Болашаққа бағытталған инвестиция

Әр ата-ана баласының ертеңін ойлайды. Бірі оның жақсы білім алғанын, бірі өз баспанасы болғанын қалайды. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы осы арманның жүзеге асуына қаржылай мүмкіндік беруді көздейді. Бала 18 жасқа толғанға дейін қалыптасатын жинақ кейін білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсалады. Мемлекет Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің бір бөлігін өскелең ұрпақтың болашағына бағыттауда.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарламаға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған барлық азаматы қатысады. Бұл ретте баланың әлеуметтік жағдайы маңызды емес. Мүгедектігі бар, сондай-ақ, көпбалалы отбасылардан жәрдемақы алатын балалар да Қазақстан азаматы ретінде бағдарламаға барлық баламен тең дәрежеде қатысады. Заңнамаға сәйкес, Қазақстан азаматтығын алған бала да азаматтық алғаннан кейін «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатыса алады.

Бағдарламаның негізінде екі маңызды ұғым бар. Біріншісі – нысаналы талаптар. Олар Үкіметтің Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтары алдындағы міндеттемесі болып саналады. Нысаналы талаптар жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы есебінен қалыптастырылады. Екіншісі – нысаналы жинақ. Бағдарламаға қатысушы 18 жасқа толған кезде оның нысаналы жинақтау шотындағы жинақталған қаржы ақша. Бала кәмелет жасына жеткенге дейін оған нысаналы талаптар есептеледі, 18 жасқа толған кезде бұл талаптар ақшалай балама түріндегі нысаналы жинаққа айналады. Қаражат АҚШ долларымен есепке алынып, БЖЗҚ-дағы жеке шотқа аударылады.

Ұлттық қордың активтері ұзақ мерзімді негізде инвестицияланады. Инвестициялау нәтижесі қаржы нарықтарындағы түрлі факторларға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Жекелеген кезеңдердегі валюталық активтердің инвестициялық кірістілігіне байланысты тәуекелдерді теңестіру мақсатында ол есепті



Коллаж жасаған Шынар Аманжол

жылдың алдындағы 18 жылдағы көрсеткіштерді негізге ала отырып орташаланады.

Бала 18 жасқа толғаннан кейін ғана нысаналы жинақтарын пайдалануға құқылы. Қаражат екі негізгі мақсатқа бағытталады. Біріншісі – тұрғын үй жағдайларын жақсарту, екіншісі – білім беру ақысын төлеу. Кәмелет жасына жеткен азамат жинақталған қаражатын баспана мәселесін шешуге немесе білім алуға жұмсай алады. Нысаналы жинақ төлемдерін пайдаланудың нақты шарттары БЖЗҚ-дан тұрғын үй жағдайларын жақсарту және білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларымен реттеледі.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қарағанды облысында тұрғын үй жағдайларын жақсарту бағыты бойынша 5 035 алушыға жалпы 1 287,34 мың АҚШ доллары көлемінде нысаналы жинақ төленген. Бұл ретте 791 алушы бой-

ынша 172,89 мың АҚШ доллары көлеміндегі төлем қайтарылған. Білім беру бағыты бойынша Қарағанды облысында 2 409 алушыға 662,54 мың АҚШ доллары көлемінде нысаналы жинақ төленген. 361 алушы бойынша 81,86 мың АҚШ доллары көлеміндегі төлем қайтарылған. Мұрагерлер бағыты бойынша да өңірде төлемдер жүргізілген. Атап айтқанда, 11 алушыға жалпы 3,15 мың АҚШ доллары көлемінде нысаналы жинақ төленген. Бұл бағытта қайтарылған төлем көлемі 0,00 мың АҚШ долларын құрайды, – дейді «БЖЗҚ» АҚ-ның Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Мадина Сапарова.

Бағдарламаға қатысушы балаға қанша қаражат есептелгенін ата-ана да бақылап отыра алады. Ол үшін БЖЗҚ-ның kids.eprf.kz сайтындағы «Қатысушыны іздеу» бөліміне баланың ЖСН-ін енгізіп, «Тексеру» батырмасын басу қажет. Нәтижесінде баланың бағдарламаға қай есепті жылдан

бастап қатысқаны және жинақталған нысаналы талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Бағдарламаға қатысу үшін баланың мемлекеттік дерекқордағы мәліметтері дұрыс болуы қажет. Ата-аналар баланың жеке басын куәландыратын құжатының бар-жоғын тексергені жөн. 16 жасқа дейін туу туралы куәлік, 16 жасдан бастап Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі болуы керек. Бала «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорындағы мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болып саналмаса, бағдарламаға қатыса алмайды және оған нысаналы талаптар есептелмейді.

БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына есептелген қаражат қаржы құралдарына инвестицияланбайды. Олар АҚШ долларында сақталады және нысаналы жинақ алушының немесе оның мұрагерлерінің пайдалануына қолжетімді болады. Уәкілетті оператор-банк нысаналы жинақ төлемдерін бірнеше жағдайда БЖЗҚ-ға қайтарады. Жинақ алушы немесе оның заңды өкілі төлемнің барлығын немесе бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтару туралы өтініш берген кезде қаражат қайтарылады. Нысаналы төлемдермен толықтырылған мемлекеттік білім беру жинақтау салымы немесе білім беру жинақтау сақтандыру шарты бұзылған жағдайда да төлем қайтарылады.

Бағдарламада қатысушы қайтыс болған жағдайда қаражаттың тағдыры да нақты белгіленген. Қайтыс болған нысаналы талаптарда қатысушының немесе нысаналы жинақтарды алушының мұрагері немесе мұрагерлері жинақ төлемін алу үшін БЖЗҚ-ға жүгіне алады. Мұрагерлер алған қаражатты кез келген мақсатқа пайдалана алады. Оларға нысаналы пайдалану бойынша міндетті талап қойылады.

Бағдарламаның іске асуында БЖЗҚ-ға да бірқатар міндет жүктелген. Қор нысаналы жинақтарды есепке алу және есептеу үшін арнайы шоттар ашады. Нысаналы активтер мен талаптарды есепке алады, жинақтарды есептейді, уәкілетті операторлардың шоттарына төлемдерді аударды және қайтарылған қаражатты есепке алады.

Кәмелет жасына толған азамат жинағын бірден пайдаланбаған жағдайда оның қаражаты жоғалмайды. Бағдарлама



қатысушысы 18 жасқа толғаннан кейін он жыл өткен соң пайдаланылмаған нысаналы жинақ сомасы БЖЗҚ-да қалады және нысаналы жинақтау шотынан ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады. Осылайша, балаға арналған жинақ өзінің бастапқы мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда да азаматтың болашақ зейнетақы жинағына айналады. Ерікті зейнетақы жинақтарын пайдалану шарттары мен тәртібі зейнетақы заңнамасында белгіленген.

«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңға сәйкес нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу АҚШ долларымен жүргізіледі. Нысаналы жинақ төлемдері де уәкілетті оператор-банктерде алушылар үшін АҚШ долларымен ашылған банктік шоттарға аударылады. Бұл жерде бағдарлама қатысушылары үшін маңызды мәселенің бірі – қаражаттың ұзақ мерзімге есептелуі. Ұлттық қор активтері нарықтағы жағдайға байланысты инвестицияланатындықтан, жыл сайынғы инвестициялық кіріс көлемі бірдей болмауы мүмкін. Бағдарламада ұзақ мерзімді орташа көрсеткішке сүйену тетігі қарастырылған.

Бүгінде ата-ананың міндеті – баласының бағдарламаға қатысуын тексеру ғана емес, жеке деректерінің дұрыстығына көз жеткізу. Мемлекеттің міндеті – жинақтарды есепке алу, олардың сақталуын қамтамасыз ету және белгіленген мақсаттарға сәйкес төлемдердің жүзеге асуына жағдай жасау. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – бүгінгі бала мен ертеңгі азаматтың арасындағы қаржылық көпір. Оның нәтижесі бір күнде емес, жылдар өте көрінеді. Бала мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап оның есебіне жинақ қалыптасып, кәмелет жасына жеткенде білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Тұлпардан дауа дариды

Балқаш қаласында психоневрологиялық бұзылыстары бар балаларға арналған иппотерапия орталығы жұмысын бастады. Ерекше балалардың денсаулығын оңалтуға бағытталған орталықта атқа міну арқылы түрлі жаттығулар жасалып, балалардың физикалық және психологиялық дамуына қолдау көрсетіледі.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда мамандар әр баланың жеке ерекшелігіне қарай жұмыс жүргізіп, олардың тілін дамытуға, жүйке жүйесін нығайтуға, қоғамдық ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Әсіресе, балаға жеке көңіл бөлініп, ат үстінде әртүрлі жаттығулар жасалады. Балқаш қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры

Шолпан Қасымованың айтуынша, иппотерапия орталығы ашылғалы бері 40-тан астам бала ем қабылдаған.

– Иппотерапия – аттың қозғалысын емдік мақсатта пайдаланатын оңалту әдісінің бірі. Оның басты ерекшелігі – баланың бойындағы түрлі қабілеттерді дамытуға, қимыл-қозғалысын жетілдіруге және қоршаған ортамен байланысын нығайтуға мүмкіндік беруінде. Орталықта бұл бағытта арнайы мамандар жұмыс істеп жатыр. Балалардың денсаулығында оң өзгерістер байқалады. Мәселен, кейбір балалар бұрын адамның көзіне тіке қарай алмайтын. Қазір олар қоғамдық ортаға бейімделіп, сыртқы факторларға назар аударып, көз тоқтататын деңгейге жетті, – дейді Шолпан Қасымова.

Балалары иппотерапия қабылдап жүрген ата-аналар да оң өзгерістерді байқағанын жеткізді. Бану Ақылбек пен Маржан Жаңғарашеваның айтуынша, балаларындағы өзгерістер ем қабылдау барысында біртіндеп



байқала бастаған. Мамандардың мәлімдеуінше, иппотерапияның тағы бір ерекшелігі – баланың ат үстінде өзін еркін сезінуіне мүмкіндік беруі. Жаттығулар барысында бала тепе-теңдікті сақтауға, қимылын үйлестіруге үйренеді. Сонымен қатар, атпен қарым-қатынас жасау арқылы жауапкершілік пен сенімділік сезімі қалыптасады. Мұның бәрі баланың өз-өзіне деген сенімін арттырып, қоршаған ортамен байланысын нығайтуға септігін тигізеді.

Айта кетейік, Балқаштағы иппотерапия орталығы – ерекше балалардың денсаулығын түзетуге ғана емес, олардың қоғамға бейімделуіне жол ашатын маңызды әлеуметтік жоба.

Бүгінде мұнда ем қабылдаған балалардың бойындағы оң өзгерістер ата-ана мен мамандардың үмітін еселей түсуде. Орталық мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар аясында қаржыландырылады. Биылдың өзінде иппотерапия орталығына 24 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Өнер керуені жолға шықты

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінің ұжымы «Ауылым – әнім, жырым менің» атты Осакаров ауданына арналған концерттік бағдарламасымен үш бірдей ауылдың төріне өнер керуенін алып барды. Мәдениет үйінің өнерпаздары ауыл тұрғындарына ән мен жырдан шашу шашты.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқаржыраулық өнерпаздарды әр ауылда тұрғындар жылы ықыласпен қарсы алып, әсем ән мен күмбірлеген күйге, сырлы саз бен көркем өнерге куә болды. Бір күннің өзінде үш ауылдың төрінде өнер шырағы жағылып, көңілдерге қуаныш сыйланды.

Батпақ ауылынан басталған өнер сапары Садовое ауылында жалғасып, Озерное ауылында қорытындыланды. Үш ауыл

– үш түрлі көрермен, бірақ, барлығын біріктіргені – өнерге деген сүйіспеншілік пен ыстық ықылас.

«Өнермен елге жақындаймыз! Өнер біріктіреді!» деген ұстаныммен жолға шыққан өнер керуені мұнымен тоқтамай, облыс аумағында сапарын жалғастыра береді.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Жаңұзақ МАКИШЕВ

Қылмысты қоғам тыяды

Өңірде есірткіні насихаттайтын заңсыз жазулар мен граффитилерге қарсы күрес тоқтаусыз. Бір күннің өзінде Қарағанды, Теміртау және Балқаш қаласында өткен рейдке 200-ден астам адам қатысып, мыңнан астам граффити жойылды. Оған полиция қызметкерлерімен қатар, белсенді жастар, еріктілер мен қоғам өкілдері жұмылдырылған.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рейд барысында шараға қатысушылар көпқабатты үйлердің қабырғасына, түрлі инфрақұрылым нысандары мен қаланың басқа да қоғамдық орындарына салынған есірткі сататын интернет-дүкендердің мекенжайлары мен тыйым салынған заттардың өзге де жарнамалық жазуларын арнайы құралдармен бояп, түпкілікті өшірді. Облыстық полиция департаментінің мамандары бұл бағыттағы жұмыстардың тұрақты жүргізілетіндігін баса айтты. Мәселен, жыл ба-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

сынан бері өңірде осындай 92 рейд ұйымдастырылып, нәтижесінде жеті мыңнан астам есірткі жарнамасы бар заңсыз жазу жойылыпты. Одан бөлек, құқық қорғау органдары заңсыз жарнаманы өшірумен ғана шектелмей, әдейілеп жазатын құқықбұзушылардың жеке басын анықтап, ұстау жұмыстарын да қатаң бақылауға алған. Мәселен, атқарылған жедел шаралардың нәтижесінде жыл басынан бері үш адам есірткі жарнамасы бар граффити салған

қылмыс үстінде қолға түсті. – Біздің басты міндет – есірткі жарнамасының таралуына жол бермеу және оның артында тұрған адамдарды анықтау. Бұл ретте жастардың белсенді азаматтық ұстанымы айрықша маңызды. Бірлескен күш-жігердің арқасында мұндай заңбұзушылықтарды дер кезінде анықтап, олардың жолын бастапқы кезеңнің өзінде-ақ кесуге болады, – деді департаменттің есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының ба-

стығы Қайыржан Төкібаев.

Мұндай заңсыз жазуларды салғаны үшін заң аясында қатаң қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Өңірде бұл бағытта нақты сот үкімдері де шығарылып, заң бұзғандар тиісті жазасын алуда. Атап айтқанда, мамыр айында Балқаш қаласында өткен рейд кезінде тәртіп сақшылары есірткі жарнамасы бар граффити салып жатқан жерінен 37 жастағы жергілікті тұрғынды қолға түсірген. Бірден қылмыстық іс қозғалып, сот шешімімен кінәлі деп танылды. Нәтижесінде, сот үкімімен құқықбұзушы 1 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды.

– Егер көшелерде немесе нысан қабырғаларында осындай есірткі жарнамасы бар белгілер, граффитилерді байқасаңыз, дереу полиция қызметкерлеріне хабарласқан жөн. Тұрғындар тарапынан уақытылы берілген шынайы ақпарат заңсыз жарнаманы таратқан қылмыскерлерді жедел анықтап, олардың әрекетінің жолын ерте кесуге өлшеусіз үлес қосады, – деді Қайыржан Төкібаев.

• ДІН-ДІҢГЕК

Тарихи сана – діни экстремизмнің алдын алудың маңызды тетігі

Қазіргі жаһандану және ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуы жағдайында қоғамның, әсіресе жастардың түрлі идеологиялық ықпалдарға ұшырау қаупі артып отыр. Осындай жағдайда тарихи сана мен тарихи білімнің маңызы ерекше. Тарих – өткен оқиғалардың жиынтығы ғана емес, халықтың тарихи жадын қалыптастыратын, ұлттық бірегейлігін нығайтатын және болашаққа бағыт-бағдар беретін рухани негіз. Сондықтан тарихи сананы қалыптастыруды діни экстремизм мен радикалды идеологиялардың алдын алуға ықпал ететін маңызды ағартушылық тетіктердің бірі ретінде қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 5 қаңтарда жарияланған «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласында: «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды», – деп атап көрсетті. Бұл тұжырым төл тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан, сонымен бірге, тарихи деректерге сүйенсе отырып, объективті зерделеудің маңызын аңғартады. Өйткені, өз тарихын терең таныған қоғам ғана сырттан таңылатын идеологиялық тұжырымдарды саралап, ұлттық мүдде мен тарихи шындықтың ара-жігін ажырата алады.

Академик Ханкелді Әбжановтың «Тарихи сананың кемелділігі болашаққа берілген кепілдік, ал, әлжуаздығы ұлттық қауіпсіздікке төнген қатермен пара-пар» деген тұжырымы да осы мәселенің өзектілігін айқындайды. Тарихи санасы қалыптасқан азамат өзінің кім екенін, қандай

тарихи-мәдени ортадан шыққанын және қандай құндылықтарды сақтауы қажеттігін жақсы түсінеді. Ал, тарихи білімнің жеткіліксіздігі жалған тарихи тұжырымдардың, сырттан таңылатын идеологиялық көзқарастардың ықпалына түсу қаупін күшейтуі мүмкін.

Тарих ең алдымен ұлттық бірегейлікті қалыптастырады. Халық өзінің шығу тегін, мемлекеттілік дәстүрін, тілін, мәдениетін және тарихи тұлғаларын таныған сайын ортақ құндылықтар төңірегінде бірігеді. Сонымен қатар тарихи білім тәуелсіздік, аумақтық тұтастық, қоғамдық келісім, тіл мен мәдени мұра тәрізді ұлттық мүдделердің маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи жады осы құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді.

Қазақтың тарихи жадын, шежіресін, этнографиясын, салт-дәстүрі мен рухани мәдениетін тұтастықта қарастырған көрнекті ғалымдардың бірі – Ақселеу Сейдімбек. Оның «Қазақтың

ауызша тарихы», «Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау» еңбектерінде халықтың өткенін тануда жазба деректермен қатар шежіре, аңыз-әңгіме, фольклор, салт-дәстүр және халық жадында сақталған мәліметтердің маңызы көрсетіледі. Осы тұрғыдан салт-дәстүрді қарапайым тұрмыстық рәсімдер жиынтығы емес, халықтың ғасырлар бойғы тарихи тәжірибесі мен дүниетанымын сақтап келе жатқан мәдени жады ретінде бағалауға болады.

Тарихи сана мәселесі Қазақстандағы ислам тарихын түсіндіруде де ерекше маңызға ие. Кейбір жастар арасында исламның қазақ даласындағы тарихи тамыры туралы түсініктің жеткіліксіздігі байқалады. Соның салдарынан ислам қазақ қоғамына тек кейінгі кезеңде келген деген жаңсақ пікір қалыптасуы мүмкін. Алайда, тарихи деректер исламның қазіргі Қазақстан аумағына VIII ғасырдан бастап тарала бастағанын, Қарахан мемлекеті дәуірінде оның қоғамдық және рухани ықпалының күшейгенін көрсетеді. Одан кейінгі ғасырларда ислам жергілікті түркілік және көшпелі мәдени ортамен өзара ықпалдастықта дамыды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Назира Нұртдзына «Қазақы мұсылмандық дәстүрдің генезисі» атты монографиясында ислам мен қазақ мәдениетінің осы тарихи сабақтастығына назар аударады. Ислам қазақ қоғамына кейіннен қосылған, ұлттық мә-

дениетке мүлде жат құбылыс ретінде емес, бірнеше ғасырлық тарихи үдеріс барысында жергілікті мәдени ортамен ықпалдасқан рухани фактор ретінде қарастырылады. Ислам қазақ қоғамының дүниетанымына, этикалық құндылықтарына, білімі мен рухани өміріне елеулі әсер етті.

Бұл жерде Шәкәрім діннің өзін теріске шығарып отырған жоқ. Керісінше, дінді желеу етіп тарихи шындықты бұрмалауға қарсы пікір білдіреді. Өзі мұсылман ойшылы бола тұра, қазақтың этникалық шығу тегін діни беделге сүйеніп, арабтармен байланыстыруды қабылдамай, халықтың тарихи тамырын түркілік негізден іздейді. Бұл – тарихи сана үшін маңызды ұстаным: діни сенім мен тарихи фактіні бір-бірімен шатастырмай, әрқайсысын өз деректері мен танымдық өлшемдері негізінде қарастыру қажет.

Қазақ мәдениетінің көптеген элементтері исламға дейінгі түркілік дүниетаным мен көшпелі өмір салтынан бастау алады. Сонымен бірге исламның қазақ даласында орнығуымен олардың бір бөлігі исламдық құндылықтармен сабақтасып, жаңа мазмұнмен толықты. Неке дино, жаназа және жерлеу рәсімдері, қайырымдылық жасау, үлкенді құрметтеу, жетім-жесірге қамқорлық көрсету тәрізді дәстүрлер мен құндылықтардан осы ұзақ тарихи ықпалдастықты көруге болады. Сондықтан қазақ қоғамындағы дін мен дәстүрдің қарым-қатынасын «бірі

дұрыс, екіншісі қате» деген қарапайым қарама-қайшылықпен түсіндіру мүмкін емес. Ол – ғасырлар бойы қалыптасқан күрделі тарихи-мәдени үдеріс.

Осы тарихи сабақтастықты жастарға дұрыс түсіндіру діни экстремизмнің алдын алуда маңызды. Өз халқының тарихын, дәстүрлі мәдениетін және Қазақстандағы исламның даму жолын білетін жас дін мен ұлттық дәстүрді бір-біріне қарсы қоятын радикалды тұжырымдарға сын көзбен қарай алады. Шәкәрімнің мысалы көрсеткендей, діни ұстанымның болуы тарихи деректерге сыни көзқарастан бас тартуды білдірмейді. Керісінше, дінді белгілі бір топтың мүддесіне пайдаланып, тарихты бұрмалаудан ажырата білу қажет.

Дегенмен тарихи білімнің өзі экстремизмнен толық қорғайды деп айту дұрыс емес. Тиімді профилактика тарихи сауаттылықпен қатар сыни ойлауды, медиасуаттылықты, діни сауаттылықты және ақпараттың дереккөзін тексеру білуді қажет етеді.

Жарқын Амантайұлы ТУСПЫБЕКОВ,
мәдениеттанушы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.
Қарағанды облысы

• КӨРМЕ

Есімі мәңгі есте

Облыстық бейнелеу өнері музейінде талантты суретші, педагог Манай Хахашты еске алу көрмесі өтті. Көрмеге жергілікті суретшілер мен марқұмның туған-туыстары, үзегілес достары жиналды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Манай Хахаш 1958 жылы Монғолия Республикасы, Хобда аймағы, Хобда аулында туған. 1976-1980 жылдары Ұлан-Батыр қаласы педагогикалық институтының Сурет-сызу факультетін көркемсурет мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Хобда аймағы Драма театрында суретші болып бастаған. Ал, 1992 жылдан бастап, оның өмірі мен тағдыры, шығармашылығы Қарағанды облысымен біте қайнасты.

Осыдан 10 жыл бұрын облыстық бейнелеу өнері музейінде Манай Хахаштың алғашқы көрмесі өткен еді.

Еске алу кешінде ұлағатты ұстаз, бейнелеу өнерінің құрметті ардагері педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының суретшілер Академиясының корреспондент мүшесі, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің еңбек сіңірген қызметкері Жүрсін Балкенов, Қарағанды әдістемелік орталығының білім бөлімі басшысының орынбасары Ерғанат Ермек, «Болашақ» академиясының про-

фессоры Құрманғазы Сембиев секілді құрметті меймандар сөз сөйледі.

— Манай кескіндеменің бір ғана жанрымен шектелмеді. Ол — тақырыптық композициялармен қатар, әсерлі пейзаждар, зиялы қауым өкілдерінің, тарихи тұлғалардың портреттерінен тұратын бірнеше картина жазған. Ол портретке аса ыждағатпен, зор жауапкершілікпен қараған суретшілердің бірі. 1992-1997 жылдары «Ұлы тұлғалар сериясы», «Шортанбай», «Бұқар жырау», «Абай Құнанбаев», «Сәкен Сейфуллин», «Қаныш Сәтбаев», «Шоқан Уәлиханов», «Жақып Ақбаев», «Ағыбай батыр», «Арғын Нұрбай батыр», атақты күйші «Аққыз» және басқа да еңбектері жарық көріп, елдің ықыласына бөленді, — деді Жүрсін Балкенов.

Манай Хахаш Арқадағы баспасөз қарашаңырағының тарихын шығармашылығына арқау еткен. «Орталық Қазақстан» газетінің 22 редакторының, «Егемен Қазақстан» газетінің 43 редакторының портретін салған.

Суретті түсірген автор

• УСТЕЛ ТЕННИСИ

300 үміткер күш сынасады

Қарағандыда 2009 жылы туған және одан кіші жастағы спортшылар арасында үстел теннисінен Қазақстан чемпионаты басталды. Оған еліміздің 17 өңірінен 300-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтамақ. Жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыс ережесіне сәйкес, чемпионат командалық, жекелей және жұптық разрядтар бойынша өтпек. Командалық сайысқа әр өңірден бес ұл және бес қыз теннисші қатысуы міндетті. Сонымен қатар, командалық есептен тыс жекелей бәсекеге әр командадан үш спортшыға дейін қатысуға мүмкіндік берілген. Ал, Қарағанды облысынан екі ұл және екі қыздар командасы, яғни, 20 спортшы өңір намысын қорғамақ.

— Бүгінгі күнді біз үшін үлкен спорттық мереке деп айтуға толық негіз бар. Ең алдымен, чемпионатқа арнайы ат ізін салып келген барша спортшыға алғысымды білдіремін. Осындай ауқымды әрі маңызды доданың Қарағандыда өтуі — мәртебе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде бұқаралық және кәсіби спортты дамытуға айрықша көңіл бөліп келеді. Саламатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақты спортқа баулу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қарағанды үстел теннисі мектебі — еліміздегі ең мықты мектептің бірі. Облыста тенниспен 13 мыңнан астам адам айналысады. Олардың 4 мыңға жуығы — ауыл тұрғындары. Көп жылдар бойы спортшыларымыз республикалық және халықаралық жарыстарда облыс намысын абыроймен қорғап, шеберліктің жоғары деңгейін, мінезінің мықтылығын және жеңіске деген жігерін көрсетіп келеді. Әсіресе, танымал спортшыларымыздың ізін басатын лайықты жас буынның бары қуантады. Бүгінде жас теннисшілер арасында елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, өз жетістіктерімен Қарағанды облысының ғана емес, бүкіл Қазақстанның абыройын асқартатып жүрген спортшылар бар, — деді Ораз Қайсаұлы.

Бір аптаға жоспарланған чемпионаттың алғашқы екі күні командалық біріншілікке арналса, кейінгі күндері спортшылар жекелей шеберліктерін сыңға салады. Содан кейін әйелдер, ерлер және аралас жұптық разрядтар бойынша



тартысты бәсекелер өтеді. Нұркен Кобжанов өз сөзінде бұл турнирдің спортшылар үшін шеберлігін шыңдап, тәжірибе алмасуына мүмкіндік екенін баса айтты.

— Бұл турнир өзара тәжірибе алмасып, достасудың да үлкен алаңы. Арамызда болашақ әлем чемпиондары да жүр. Осындай чемпионаттарда шеберліктеріңізді шыңдап, үлкен ареналарда ел намысын қорғайды деген сенімдеміз. Бүгінде Қарағанды өңірі үстел теннисінің дамуына басымдық беріп отыр. Қаладан бөлек, ауылдарда да бұл спорт түрін дамытуды қолға алды. Келешекте әлі де талай чемпиондар шығады деген сенімдемін, — деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Аталған чемпионатта өңір на-

мысын қорғайтын жас спортшылардың қатарында Дарья Фу да бар. Жерлесіміз үстел теннисінен спорт шебері. Тәжірибелі спортшы бұған дейін де бірқатар биікті бағындырған. Туған өңірінде өтіп жатқан жарыста жерлестерінің үмігін ақтап, жоғары нәтиже көрсетуге ниетті.

— Барлық қарсыласым жеңіске әбден лайықты. Әрқайсысымен тартысты ойын күтіп тұр. Сондықтан, мынау керемет, мынау осал деп ешқайсысын бөліп-жарып айта алмаймын. Ойын кестесі өте тығыз. Бірінші күні топтық кезеңдер мен командалық ойындар өтсе, командалық сайыста финалға шыққан жағдайда үшінші күні финалдық ойын болады. Сонымен қатар, жекелей сынның да алғашқы күні басталады. Ал, өзім бұл чемпионатта барлық санатта сынға түсемін. Десе де, өз санатымда үздік шығып, чемпиондық атағымды қорғап қалу қажет, — деді Дарья.

Айта кетейік, Қарағанды үстел теннисі мектебі — еліміздегі ең үздіктің бірі. Сол мектептен талай чемпиондар, клубтық турнирлердің, спартакиадалардың және халықаралық жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері шыққан. Өткен жолы ғана Алматыда өткен ересектер арасындағы ел чемпионатында өңір спортшылар 4 алтын, 4 күміс және 3 қола медаль жеңіп алған еді. Осы жолы да жерлестер сол жетістігін қайталауға ниетті.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖОБА

Тайшыбайдың тағылымы

Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде ел тарихы мен руханиятына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалардың өмір жолы мен ғылыми мұрасын жастарға танытуға бағытталған «Тұлғалар тағылымы» ғылыми-ағартушылық жобасы жалғасуда. Жоба аясында тарих ғылымына, журналистика мен әдебиетке өзіндік үлес қосқан белгілі ғалым, ұстаз, қайраткер, абайтанушы және абылайтанушы Зарқын Тайшыбаймен кездесу өтті.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тағылымды жүзdesуді университеттің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы мен Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының «Жасампаз» ғылыми-зерттеу клубы ұйымдастырды. Кездесуге тарих факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысып, ғалымның ғылыми және шығармашылық жолы, тарихи зерттеулері, журналистика саласына сіңірген еңбегі жөнінде әңгіме өрбітті.

«Тұлғалар тағылымы» жобасының негізгі мақсаты — елдің тарихына, мәдениеті мен руханиятына өлшеусіз үлес қосқан азаматтардың өмір жолын, тәжірибесі мен өнегесін жас ұрпаққа жеткізу. Осы орайда кездесудің басты кейіпкері ретінде Зарқын Тайшыбайдың таңдалуы да заңды.



— Біздің бүгінгі кездесуіміздің басты кейіпкері — Зарқын Тайшыбай. Зарқын Тайшыбай — біз, тарихшылар үшін, жалпы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті үшін тұлға. Университетімізде жүзеге асып жатқан «Тұлғалар тағылымы» жобасы аясында осы кездесуді ұйымдастырып отырмыз. Елдің тарихына, мәдениетіне, руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың

өмір жолын, өмірде көрген-білгенін жас ұрпаққа жеткізу — үлкен парыз, — деді «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жамбыл Жұмабеков.

Зарқын Тайшыбайдың еңбек жолы Қарағанды өңірінің журналистика саласының дамуымен де тығыз байланысты. Ғалым 1990 жылдардың басында Қарағандыда журналистика бөлімін ашып, өңірде жур-

налистика мамандарын даярлау ісінің негізін қалады. 1993 жылы ашылған бөлімнің алғашқы кафедра меңгерушісі ретінде осы бағыттың қалыптасуына еңбек сіңірді. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің әр өңірінде түрлі салада қызмет атқарып келеді.

— Зарқын аға — журналистиканың көшбасшысы, Қарағанды өңіріндегі журналистиканың дамуына үлес қосқан, оның негізін қалаған кафедрада еңбек еткен тұлға. Бірақ, біз тарихшы ретінде шақырып отырмыз. Өйткені, ғалымның тарих ғылымына, тарихи зерттеулерге сіңірген еңбегі де өте көп. Қаншама мыңдаған құжаттарды ақтарып, еліміздің тарихын түгендеп, сол құжаттарды жанкештілікпен, жанқиярлықпен қазақ тіліне аударып, орыс тіліндегі тарихи деректерді оқырманға қолжетімді етті. Сондай-ақ, аңыздағы Абылай хан бейнесін архив деректеріндегі Абылай ханның нақты бейнесімен ұштастыруы — ғаламат еңбек, — деді Жамбыл Азмұханұлы.

Кездесуде ғалымның Абылай хан тарихын зерттеудегі еңбегіне айрықша тоқталды. Зарқын Тайшыбайдың Абылай ханға қатысты ғылыми ізденістері тарихи деректерді жүйелеу, архив құжаттарын зерделеу және халық жадындағы аңыз-әңгімелерді ғылыми тұрғыдан саралаумен ерекшеленеді.

Кітапхана қорында Зарқын Тайшыбайдың Абылай ханға арналған 2011 жылы жарық көрген екі томдық еңбегі, кейінгі үш томдық зерттеулері де бар. Ғалымның еңбектерінде мыңдаған тарихи құжаттар қамтылып, орыс тіліндегі деректер қазақ

оқырманына қолжетімді түрде ұсынылған.

Ғалымның Абылай ханға арналған зерттеулері қазіргі таңда университеттегі оқу үдерісінде де кеңінен пайдаланылып келеді. Тарих факультетінің студенттері үшін бұл еңбектер қазақ тарихының күрделі кезеңдерін дерек негізінде тануға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми материалдардың бірі.

Зарқын Тайшыбайдың зерттеу еңбектерінде Абылай ханның қызметімен қатар, сол кезеңдегі Қазақ хандығының Ресей империясымен, Маньчжур-Цин империясымен және Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасы архивтік деректер негізінде қарастырылады. Тарих факультеті бұл еңбектерді студенттердің оқу жоспарына енгізіп, білім беру барысында кеңінен қолданып отыр.

Кездесу барысында Зарқын Тайшыбайдың абайтану, мағжантану бағыттарындағы еңбектері де сөз болды. Ғалымның ғылыми ізденісі бір ғана тарихи тұлғаны зерттеумен шектелмей, қазақтың әдеби-рухани мұрасын зерделеуге ұласқанын атап өтілді. Кездесудің соңында ұстаздар мен студенттер ғалымға өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тарихи беттері мен тарихи тұлғаларға қатысты құнды жауаптар алды. Зарқын Тайшыбай қойылған сауалдарға тұшымды жауап беріп, жастармен еркін пікір алмасты.

Суретті түсірген
Бақтияр РЫМБАЕВ

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZKX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 250 №105 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН
